

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық  
үйлестіру кеңесінің (ВҮК) отырысының хаттамасы  
Онлайн форматта**

Астана қ.

№8

2023 ж. 21.04., 10.00

**Төрағалық еткен:** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рақымжанова  
**Қатысқандар:** (тізім беріледі).

**Күн тәртібі:**

1. 2023 жылдың I тоқсанда атқарылған жұмыс бойын Кодекс Алиментариус тобының есебі – Баяндамашы м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова Отчет о работе Группы Кодекс Алиментариус за I квартал 2023 г. Докладчик – д.м.н., профессор Н.М. Карсыбекова
2. ВҮК отырысының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы хаттамалық тапсырмаларының шешімдерін орындау. Баяндамашылар - Қарсыбекова Н., Рахимжанова М.
3. Әртүрлі

**Төраға:**

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты.  
Кеңес мүшелері ВҮК мүшесі, профессор Е. Даленовты еске алды.  
Төраға Астана Медицина Университеті жанындағы Е. Д. Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ директорының орынбасары Ж. К. Бөкееваны құттықтады.  
Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы м. ғ. д., профессор Н. М. Қарсыбекова 2023 жылғы 1 тоқсандағы (қаңтар-наурыз) Кодекс Алиментариус тобының қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі. ВҮК мүшелеріне Кодекс Алиментариус тобының ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау Комитетімен, кодекс комитеттері, көрші елдерге консультативтік көмек, сондай-ақ микробқа қарсы төзімділік (МҚТ) тақырыбын қоса алғанда, серіктестермен және мүдделі тұлғалармен кеңестер мен іс-шаралар жөніндегі жұмысы туралы баяндалды.
2. 2022 жылғы 23 желтоқсандағы ВҮК отырысы хаттамасының шешімдерін орындау бойынша:
  - 1) Н. Карсыбекова азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық сарапшылардың ресми тізілімі туралы СЭБК-не ұсыныстар енгізілгені туралы баяндады. Аталған құжат Кеңес мүшелері арасында талқыланды.

ҚР СИМ ТРМК Техникалық реттеу жөніндегі үйлестіру орталығымен ынтымақтастық шеңберінде транс майларды нормалау және МҚТ-пен қарсы іс-қимыл шаралары бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

1) М.Т.Рахымжанова Кеңес мүшелері арасында талқылау өткізуді ұсынды. 2015 жылдан бері өнімнің 80 пайызы таңбалау талаптарына сай келмейтіні атап өтілді. Тағамдарды таңбалау жөнінде оқыту мен жұмыс жасауды талап етіледі. Мәселелерді талқылау барысында сынамаларды іріктеу және өнімнің органолептикалық қасиеттерін бағалау бойынша мамандарды дайындау қажеттілігі туралы ұсыныстар да айтылды. ҚазАТУ профессоры Б.С.Майқанов осы тақырып бойынша ақылы курстардың бар екендігі туралы Кеңес мүшелерінің назарына жеткізді.

2) Н.М.Қарсыбекова тапсырманың орындалғанын атап өтті - Кодекс Алиментариус тобы "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК штатына стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментіне қабылданды.

### **Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:**

1. Кодекс Алиментариус тобының хаттамалық тапсырманы орындағанын белгілеу және келесіні ұсыну:

1.1 Ұлттық сарапшылар туралы ережеде ұлттық сарапшылар жұмысының тиімділігін жыл сайынғы бағалау критерийлерін әзірленсін және енгізілсін;

1.2 түсініктемелер мен ұсынымдар бойынша өзгерістер енгізіліп, бағалау критерийлерін әзірлегеннен кейін ҚР ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Төрағасы Н.О. Сәдуақасовқа бекітуге енгізілсін;

1.3 ҚР тамақ өнімдерін таңбалау жөніндегі кодекс комитетінің (CCFL) жұмысына қатысуы. CCFL шеңберінде Ұлттық сарапшыларды оқыту бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселесі зерделенсін.

1.4 информация о проведении курсов по органолептическим свойствам пищевой продукции в Казахском агротехническом университете им. С. Сейфуллина разместить на сайте НЦЭ и подготовить материал для размещения на сайте КСЭК МЗ РК. Қазақ агротехникалық университетінде Тамақ өнімдерінің органолептикалық қасиеттері бойынша курстар өткізу туралы ақпарат ҰСО сайтында орналастырылсын және ҚР ДСМ СЭБК сайтында орналастыру үшін материал дайындалсын.

2. ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің (Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасы) мүдделі органдармен (ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті, "Атамекен"ҰКП)

талқылау және келісу бөлігінде Кодекстің басым комитеттерін айқындау мәселесін жеткіліксіз пысықтағанын атап өту.

**Басқарма төрағасы**



**М. Рақимжанова**

**Хатшысы**



**Ж. Толысбаева**

**Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру  
кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі  
2022 жылғы 21 сәуір**

№	Аты-жөні, лауазымы
1	М.Т.Рақымжанова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары
2	Н.М. Қарсыбекова - Ұлттық сараптама орталығының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің халықаралық ынтымақтастық секторының меңгерушісі
3	И. Басманова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Тамақтану, білім беру және тәрбиелеу объектілерін санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау басқармасының бас сарапшысы
4	Қ.С. Жұбатқанова – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің тамақ қауіпсіздігі және инспекциялық жұмыс басқармасы басшысының м. а.
5	Б.А. Сәкенова - "Атамекен"Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы
6	Б.С. Майқанов - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
7	Л.Т. Әутелеева - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринарлық санитария кафедрасының қауымдастырылған профессоры
8	Ж. К. Букеева - Астана Медицина Университеті жанындағы Е. Д. Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ директорының орынбасары
9	Б.Ұ. Байхожаева– т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі
10	А.Ш. Шарипбаева - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС жетекші маманы
11	В.В. Лопухин– «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры
12	Ж.Т. Толысбаева– Қазақстан Республикасының Кодексінің байланыс пункті, Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің хатшысы
13	З.Ф. Шарипов - Ұлттық сараптама орталығының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің халықаралық ынтымақтастық секторының маманы